

## **Мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандары мен оларды берудің тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 25 тамыз N 1236. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 175 қаулысымен. 2006 жылғы 15 сәуірден бастап қаулының қолданылуы жаңғыртылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.06. N 515 қаулысымен.

**Ескерту. 2006 жылғы 15 сәуірден бастап қаулының қолданылуы жаңғыртылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.06. N 515 қаулысымен.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: Z070319

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандары мен оларды берудің тәртібі бекітілсін.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 25 тамыздағы  
N 1236 қаулысымен  
бекітілген

## **Мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандары мен оларды берудің тәртібі**

### **1. Мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандары**

1. Куәлік, аттестат және диплом қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткенін куәландыратын және білім берудің және (немесе) біліктіліктің тиісті деңгейінің (сатысының) мемлекеттік жалпы міндетті стандартын меңгергенін растайтын құжаттардың түрлері болып табылады.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.06. N 515 қаулысымен**

2. алынып тасталды

3. Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткендерге мемлекеттік үлгідегі тиісті құжат беріледі.

4. Барлық түрдегі мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бет жағы 16x11 см мөлшерде қатты мұқабалы ледериннен жасалады:

1) күңгірт-көк түс мемлекеттік үлгідегі әдеттегі құжаттар үшін;

2) көк түс үздік белгісі бар барлық мемлекеттік үлгідегі құжаттар үшін; марапатталғандардың мемлекеттік үлгідегі аттестаттары үшін.

5. Барлық түрдегі мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бет жағының жоғары бөлігіне бедерлі-штампық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы, төменгі бөлігіне мемлекеттік және орыс тілдерінде құжат түрінің атауы орналастырылады.

6. Мемлекеттік үлгідегі құжаттардың ішкі жағының мазмұны (қолмен жазылатын деректерді есептемегенде) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының кескіні бар, қорғалу дәрежесіндегі арнайы қағазға баспаханалық тәсілмен қара түспен басылады.

7. Мемлекеттік үлгідегі құжаттардың ішкі сол жағына мазмұны мемлекеттік тілде, ал оң жағына дәл сондай мазмұны орыс тілінде көрсетіледі.

8. Үздік белгісі бар мемлекеттік үлгідегі құжаттардың ішкі жақтарына құжат түрі атауының төменгі жағынан баспаханалық тәсілмен қызыл түспен "Үздік" және "С отличием" деген сөздер басылады.

9. "Алтын белгі" белгісімен марапатталғандарға арналған аттестаттардың ішкі жағына құжат түрі атауынан төмен баспа тәсілімен, қола түспен "Алтын белгі" деген сөздер басылады.

10. Мемлекеттік үлгідегі барлық құжаттың түрінің жеті таңбалы нөмірлері (Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының нөмірленуі сияқты) болады.

11. Мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілері, оларға жазылатын жазу ірі, каллиграфиялық, туспен (сиямен) орындалатындай тұрғыда жасалуы тиіс.

12. Барлық полиграфиялық операциялар орындалғаннан кейін ішкі жағы арнайы желіммен мұқабаға жапсырылады.

## **2. Мемлекеттік үлгідегі құжаттарды берудің тәртібі**

13. Мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілерін (оның ішінде үздік белгісі бар құжаттарды да) өздерінің құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органдары:

1) облыстардың, Алматы және Астана қалаларының білім беру басқармаларына (департаменттеріне) қажетті мөлшерде;

2) өздері оларға қатысты лицензиар болып табылатын оқу орындарына қажетті мөлшерде береді.

14. "Алтын белгі" аттестатының бланкілерін білім беру саласындағы мемлекеттік органдар "Алтын белгі" белгісімен марапаттау туралы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін, толтырылған түрінде (мәрсіз) білім беру ұйымдарына береді.

15. Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының білім беру басқармалары (департаменттері) мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілерін, қажетті мөлшерде, өздері оларға қатысты лицензиар болып табылатын білім беру ұйымдарына береді.

16. Мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілері тек мемлекеттік лицензиялары бар және мемлекеттік аттестаттаудан өткен білім беру ұйымдарына ғана беріледі.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.06. N 515 қаулысымен.**

17. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органдары, қатаң есептілік құжаттары ретінде, мемлекеттік үлгідегі құжаттар бланкілерінің сақталуы үшін жауаптылықта болады.

18. Барлық білім беру ұйымдары жыл сайын өздеріне берілген мемлекеттік үлгідегі құжаттардың пайдаланылуы туралы есеп береді.

19. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органдары: V074991

білім беру ұйымдарының мемлекеттік үлгідегі құжаттарды пайдалану туралы жыл сайынғы есебінің тәртібі мен мерзімдері туралы;

білім беру ұйымдарының оларды толтыру кезінде бүлінген бланкілерді өткізуінің және оларды жоюдың тәртібі туралы;

**Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.06. N 515 қаулысымен.**